

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

препятствием стала девальвация валюты, в результате которой многие зарубежные технологии для казахстанского бизнеса стали достаточно дорогими.

По мере реализации Государственной программы «Цифровой Казахстан» стало очевидно, что решать такую масштабную задачу фрагментарными мерами невозможно. Суть современного этапа развития заключается не в проведении эволюционных изменений, а в смене технологического уклада. А это означает необходимость смены самих основ социально-экономической организации общества.

Список использованной литературы

1. Ефимочкина, Н. Б. Цифровой мир бизнеса и человек: проблемы и тенденции развития / Н. Б. Ефимочкина // Вестник университета. - 2018. - N 11. - С. 51-57.

2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 года № 827. Об утверждении Государственной программы "Цифровой Казахстан".

3. Волкова, А.А., Плотников, В.А., Рукинов, М.В. Цифровая экономика: сущность явления, проблемы и риски формирования и развития/ А.А. Волкова, В.А. Плотников, М.В. Рукинов// Управленческое консультирование.- 2019.-№ 4. С. 38-49.

ТУРИСТІК САЛАНЫ ДАМУ ТУ БОЙЫНША КАНАДА МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Шамет А.Д.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

ayup_ozil@mail.ru

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамыту «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама аясында Қазақстан Республикасын 6 туристік кластерлерге бөліп дамыту көзделіп отыр. Кластерлердің арасында басымдық «Нұр-Сұлтан-Еуразия жүрегі» және «Алматы-Қазақстанның еркін мәдени аймағы» деп аталатын туристік кластерлерге беріліп отыр. Бұны олардың экономикалық деңгейлерінің және инвестициялық тартымдылығы жоғары болуымен түсіндіруге болады.

Қазақстан Республикасының туристік саласындағы басты мәселелерге туристік бағыттардың құнының жоғары болуы, қолайсыз және жеткіліксіз туристік ақпараттық ресурстар, орналастыру орындарының жеткіліксіздігі және транспорттық инфрақұрылымның жетілмеген жағдайын айта аламыз. Осы мәселелер елдегі туристік саланың дамуын тежеп келеді.

Жоғарыдағы бағдарламада туристік саланы дамыту барысында туристік дестинациялардың көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету, турөнімдердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, елдегі туристік ахуалды қолайлы ету және

осы туристік саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру сынды міндеттер алға қойылған.


Бұл мақалада Канада мемлекетінің таңдалып алынуы бекер емес. Себебі Канада мен Қазақстан арасындағы ұқсастықтар өте көп. Ұқсас климаттық және табиғи жағдайлардың болуы екі ел арасындағы байланыстың бар екендігін көрсетеді. Әлемдік туризмде Канада мемлекеті туризмнің табиғи түрлерін ұсынатын ел ретінде көрсетіледі. Оған елдің алып жатқан аумағының үлкендігі (әлем бойынша 2-орын) себеп. Дегенмен де Канада мемлекеті Қазақстан сияқты жері кең, алайда халық саны аз мемлекет болып табылады. Осының салдарынан ел аумағы аз игерілген және аз қоныстанған. Сонымен қатар Канада мемлекетінде түрлі табиғи-рекреациялық ресурстардың көптігімен сипатталады.

Канада мемлекетінде федералдық үкімет, 10 провинциалдық үкімет, 3 территориялық үкімет және көптеген муниципалитеттер туристік саланы қолдауда үлкен орынға ие. Туристік салаға Федералдық инновация, ғылым және экономикалық даму министрлігі жауапты.

Destination Canada - туристік дестинациялардың маркетингі бойынша ұлттық ұйым. Мемлекеттік корпорация бола отыра, ол туризмге жауапты жоғарыдағы министрлік арқылы парламентке есеп беріп отырады. Аталған ұйым елдегі барлық деңгейде мемлекеттік сектормен қатар жеке сектормен де ыстымақтастық орнатқан. Осының арқасында ұйым Канаданың халықаралық нарықтағы маңызды туристік бағыт ретінде жылжытуға тікелей жауапты болып табылады. Федералдық үкімет сонымен қатар әуе саясаты мен виза саясатына да тікелей жауапты.

Провинциалдық және территориялық билік органдары ішкі туризмді жылжытуға жауапты. Сонымен қатар олардың негізгі міндеттеріне жаңа бағыттар мен туристік өнім құрастыру, орналастыруды реттеу, және де туризм саласындағы білім беруді қамтамасыз ету жатады. Ал муниципалдық деңгейде туристік сала түрлі іс-шаралардың, фестивальдер ұйымдастырумен шұғылданады.

Канада мемлекетінің туристік саласын дамытуда алдында тұрған негізгі мәселелер айтарлықтай көп еді (сурет-2). Ең негізгі кедергілердің бірі- Канада мемлекетіндегі туристік бағыттарға деген сұраныс тек ірі қалаларға және бірнеше туристік дестинацияларға және жазғы маусымға шоғырлануы. Яғни, туристік операторлар мен агенттіктердің ұсынып отырған негізгі туристік бағыттары тек ең танымал деген жерлерге ғана болып отыр. Соның арқасында Канада мемлекеті өзінің өзге де туристік әлеуетін толық пайдалана алмай келді. Бұлай болуына елдегі туристік салада жұмыс істейтін білікті мамандардың да жетіспеушілігі кедергі болған. Ал ол өз кезегінде туристік саладағы бизнестің бәсекелестік жағдайда әрі тұрақты өсуіне кедергісін тигізді.



Сурет-2. Канада мемлекетінің туристік саласын дамытудағы кедергілер

Туристік саланы дамытудағы кедергілер бір-бірімен тығыз байланысты. Бірінің есесбінен екіншісі туындап отырған. Тағы қоса айтар болсақ, Канаданың туристік саласына инвестиция тарту бойынша қиындықтар елдегі туристік бизнестің дамымаған бәселестік жағдайға әкеліп соқтырды. Жетілмеген бәсекелестік елдегі туристік бағыттарға деген бағаның өсуіне себепші болды.

Үкіметтің де туристік кәсіпорындармен тағыз жұмыс жасамауы да ең басты кедергілердің бірі еді. Оған қоса үкімет арасындағы ынтымақтастық та тек бір уақытқа көзделген шаралар қатарында ғана болды. Бұл дегеніміз туристік салаға жауапты министрлікпен өзге министрлік арасында ынтымақтастық жоғары дәрежеде болған жоқ. Осының арқасында туристік салаға жауапты министрлік тарапынан жасалған туристік саланы басқару ақсап тұрды.

Туристік сала бойынша Канада үкіметінің саясатындағы 3 негізгі басым бағыт бар. Олар: жұмыс орындарын құру, туристік ұсыныстарды әртараптандыру және тарату және осы салаға инвестиция тарту.

2017 жылы Destination Canada бойынша қаржыландыру деңгейі тұрақтанып 95,5 млн канадалық доллар деңгейіне жетті. Сонымен қатар 2019 жылы ішкі туризмнің маркетингіне қосымша 5млн канадалық доллар қаржы бөлінді. Осылайша жергілікті халық өздеріне жаңа туристік бағыттарды ашуларына септігін тигізді. Ондай бағыттардың қатарында туристер аз баратын ұлттық парктер бар еді. 2019 жылы Федеральдық бюджет туризмді жаңа жұмыс орындарын ашуға және олардың санын арттыруға мүмкіндік беретін сала деп мойындады. Осы шешімнің негізінде инфрақұрылымға қосымша инвестиция тартуды қамтамасыз етуге алдағы екі жылға 58,5 млн канадалық доллар бөлді [1].

2019жылдың мамыр айында Канаданың туризм министрі орта деңгейдегі жұмыс орындарын құруды бастады. Бұл жаңа бастама үш негізгі қағидатқа

негізделген: қауымдастықтардағы туризмді дамыту, инвестициялар тарту және мемлекет пен жеке секторлар арасындағы ынтымақтастықты ынталандыру [2].

Бірінші қағидат бойынша, кез келген қауымдастық жаңа туристік бағыт бола алады. Бұл әр түрлі қауымдастық өз әлеуеттерін толықтай пайдалана алатындай жаңа туристік өнімдер мен инфрақұрылымдарға инвестиция тартуға бағытталған. Бұл бастама канадалық «Тәжірибе» фонды тарапынан қолдауға ие болды. Фондтың құрылуының басты себебі Канаданың жаңа туристік өнімдеріне инвестиция тарту еді. Соның арқасында сұраныстың төмен уақытында келіп тамашалауды қамтамасыз етуге инвестициялар тарту жұмыстары жүргізіліп келеді. Сонымен қатар елдің байырғы халқының өздерінің ерекше тарихын, салт-дәстүрлерін, мәдениеті мен құндылықтарын бүкіл әлемге көрсетуге мүмкіндік алды. Оған «Тәжірибе» фонды байырғы халықтың туризмін дамытуға инвестиция тарту арқылы қол жеткізді. Аталған фонд шалғай орналасқан елді-мекендерді де ұмытқан жоқ. Ауылдық жерлерде жұмыс орындарын құруға бағытталған инвестиция тартумен де айналысып келеді.

Екінші қағидат ұлттық үкімет пен басқалар арасындағы туристік өнімдерге инвестицияларды неғұрлым тиімді үйлестіру, сондай-ақ туристік бағыттардың көбірек инвестициялар тарту қабілетін нығайту мақсатында елдің әр аймағында туристік инвестициялық топтар құруды қамтиды. Бұл топтар Канада тағайындалған және аймақтық экономикалық даму агенттіктері басқаратын ұлттық парктер, мәдениет және ШОБ қаржылық қолдау үшін жауапты негізгі департаменттер мен агенттіктер желісінен тұрады. Мемлекеттік, жеке және коммерциялық емес секторлардың жергілікті және аймақтық серіктестерінің кең желісі әлеуетті туристік жобаларды анықтауға, жеке инвестицияларды тартуға және тиімді туристік жобаларды, көрнекті орындар мен кластерлерді ынталандыруға қатысады деп күтілуде.

Үшінші қағидат: Канаданың туристік саласын дамытуда бұрыннан келе жатқан кедергілерді аз уақытта шеше алмауы мемлекет пен жеке сектор арасындағы байланыстың тез орнауына кедергі келтіретінін көрсетеді. Бұл мәселелерді шешу үшін ұзақ мерзімді әлеуетте сала жетекшілерімен берік серіктестік қажет. Оны жүзеге асыру үшін Үкімет туристік салада экономикалық стратегия бойынша арнайы кесте құруды уәде етті. Жекеменшік сектор мен Үкімет арасындағы ынтымақтастықтың бұл жаңа моделі 2017 жылы құрылды. Аталған модель Канада экономикасының күшті жақтарын жаһандық артықшылықтарға айналдыруға бағытталған.

Туризм Канада экономикасының маңызды саласы болып табылады. Туристік саланың ЖІӨ-і 143,9 трлн CAD құрайды немесе бұл дегеніміз Канада экономикасының 6,3%-ы осы туристік салаға тиесілі деген сөз. 2019 жылы Канада экономикасы 1,6 %-ға өскен. Ал тек туристік саланың өсуі дәл осы жылы 2,7 %-ды көрсетті [3].

Туристік сала елдегі барлық аймақтарда жаңа жұмыс орындары құрылуына, олардың санының артуына өз ықпалын тигізіп отыр. Жұмыспен қамту бойынша да туристік сала алдыңғы салалардың қатарына кіреді. Нақтырақ айтар болсақ туристік салада жұмыс істейтін адамдардың саны 2019 жылы 1 млн

670мың адамға жеткен. Бұл жалпы жұмыспен қамтылған адамдардың 8,8 %-ын құрайды [3].

Кесте-1. Канада мен Қазақстан мемлекеттерінің 2017-2019 жылдар аралығында туристік саланың даму көрсеткіштерін салыстыру

Көрсеткіш	Канада			Қазақстан		
	2017	2018	2019	2017	2018	2019
ЖІӨ-ге қосқан үлесі, млрд \$	104,4	111,0	108,2	0,905	0,930	0,886
Туристік салада жұмыс істейтіндер саны, млн адам	1,612	1,566	1,670	0,478	0,489	0,429
Шетелдік туристердің ел аумағындағы шығындары, млрд \$	17,9	19,2	20,2	1,98	2,27	2,27
Ескертпе - [3], [4] деректер негізінде автормен құрастырылды.						

2019 жылы Канадаға келген туристердің саны 32млн 430 мыңнан асып түсті. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,7%-ға өскен. Канада еліне келген туристердің басым көпшілігі көршілес АҚШ мемлекетінен келген. Олардың үлесі жуық шамамен 69%-ды құрап отыр. Елге келген шетелдік туристердің арасынан Ұлыбритания, Қытай, Франция, Германия мемлекеттерінің азаматтары көп [4].

Федералды үкіметтің туристік саланы дамыту бойынша жасаған жұмыстарының нәтижесін жоғарыдан көруге болады. Атқарылған шаралар өз жемісін бергеніне өсу көрсеткіштері дәлел бола алады. 2020 жылғы пандемия әсерінен туындаған жаңа қиындықтар Федералды үкімет саясатын өзгеріске ұшырататыны анық. Десе де, осы уақытқа дейінгі туристік саланы дамыту барысында қол жеткізген оң тәжірибесінде әлі де үкіметтің осы бағытта жұмыстар атқаратынына негіз бола алады.

Туристік саладағы Канада мемлекетінің ауыз толтырып айтарлықтай тәжірибесін ескеруіміз керек. Федералды үкіметтің туристік саланы дамытуға бағытталған шараларына жан-жақты зерттеу жүргізіп, ол тәжірибелерді өз ыңғайымызға қарай пайдалануымыз керек. Соның ішінде үшінші қағидат бойынша жүргізілген жұмыстарды тереңірек зерттеп, біздің елімізде де қолдану тиімді саналар еді. Біздің елде туристік салада осы уақытқа дейін жинақталып қалған мәселелерді ендігі жеке меншік сектор мен үкімет бірлесіп жұмыс істесе ғана шешуге болады. Осы орайда мемлекеттік-жекеменшік серіктестік(МЖӘ) механизмін туристік салада қолдану-туристік салаға жаңа серпін берері анық. Сондықтан Канаданың осы механизмді туристік салада қолдану тәжірибесіне тереңірек зерттеулер жүргізіп, туристік саланың дамуына әсерін бағалау жүргізуіміз керек. Соның арқасында біздің елімізге сәйкес келетін МЖӘ-нің неғұрлым оңтайлы түрін, қаржылық моделін құруға мүмкіндік аламыз. Себебі

Қазақстан мен Канада елдерінің арасында ұқсастық көп. Канада мемлекетінің жер көлемі бойынша екінші орында тұрғаны бәрімізге мәлім. Ал халық саны бойынша бұл мемлекет алғашқы ондыққа да кірмейді. Осындай халық тығыздығы аз жағдайда өзінің туристік әлеуетін дұрыс пайдаланып отырған Канада мемлекетінің тәжірибесі біздің ел үшін үлгі бола алатынан сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Канаданың Федеральдық инновация, ғылым және экономикалық даму министрлігі [Электрондық сайт]. – Кіру тәртібі: <https://www.ic.gc.ca/eic/site/134.nsf/eng/00003.html>
2. OECD [Электрондық қор]. – Кіру тәртібі: <https://www.oecd-ilibrary.org/sites/6b47b985-en/1/3/4/4/index.html?itemId=/content/publication/6b47b985-en&csp=a806bfa96e09b9351b58695070b6c960&itemIGO=oecd&itemContentType=book#section-d1e124282>
3. World Travel & Tourism Council (WTTC) [Электрондық қор]. – Кіру тәртібі: <https://wtcc.org/Research/Economic-Impact>
4. Мировой Атлас Данных [Электрондық қор]. – Кіру тәртібі: knoema.ru/atlas/topics/канада/туризм